
(қолы, күні, елтаңбалы мөр)

Қазақстан

Республикасының

Ұлттық

Банкі

Басқармасының

2011

жылғы

25

қарашадағы

№

185

қаулысымен

бекітілді

Біріктірілген көрсеткіш пен кредиттер бойынша кешірілген үмітсіз берешектің жалпы сомасының біріктірілген көрсеткішке ең жоғары арақатынас мөлшерін, есептік көрсеткіш пен оның мөлшерін айқындау тәртібін, үмітсіз берешекті кешіру негіздері мен тәртібін айқындау ережесі

1. Осы Ереже «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және біріктірілген көрсеткіш пен кредиттер бойынша кешірілген үмітсіз берешектің жалпы сомасының біріктірілген көрсеткішке ең жоғары арақатынас мөлшерін айқындау тәртібін, есептік көрсеткіш пен оның мөлшерін айқындау тәртібін, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі – банк) үмітсіз берешекті кешіру негіздері мен тәртібін белгілейді.

2. Осы Ереженің мақсаттары үшін үмітсіз берешек деп кредит бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 296 қаулысымен бекітілген Активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу және оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру ережесіне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4580 тіркелген) (бұдан әрі – № 296 Ереже) сәйкес үмітсіз ретінде айқындалған берешек т ү с і н і л е д і .

Үмітсіз берешекке өзара байланысты тараптарға не «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (бұдан әрі – Салық кодексі) сәйкес айқындалатын өзара байланысты тараптардың міндеттемелері бойынша үшінші тұлғаларға банк берген берешек кірмейді.

3. Кредиттер бойынша кешірілген үмітсіз берешектің жалпы сомасының біріктірілген көрсеткішке арақатынасының ең жоғары мөлшері 0,1 коэффициентіне тең.

Біріктірілген көрсеткіш № 296 Ережеге сәйкес жіктелетін берілген кредиттер бойынша өтелмеген негізгі борыштың сомасына (күнтізбелік жылдың басындағы) тең.

Банк үмітсіз берешекті кешіру туралы шешім қабылдаған күні есептік көрсеткіштің банктің күнтізбелік жылдың басында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және

қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 30 қыркүйектегі № 358 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтер есеп айырысуларының нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулыққа (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3924 тіркелген) сәйкес айқындалған меншікті капиталының он пайызынан асуына ж о л б е р і л м е й д і .

4. Заемшыға үмітсіз берешекті кешіру үшін мынадай жағдайлардың бірі негіз болып т а б ы л а д ы :

1) банктің үмітсіз берешекті өндіруге байланысты күтілетін шығыстарының берешектің немесе қамтамасыз ету немесе заемшының өзге мүлкінен асып кетуі;

2) «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ипотекалық шартты жасау күніне негізгі міндеттемені толық қамтамасыз ететін кепілге берілген мүлік негізгі міндеттеменің сомасынан төмен бағамен соттан тыс тәртіппен сатылған кезде кредиттің кепілге берілген мүлік сатылғаннан кейін өтелген сомасына кредитті қайтару жөніндегі міндеттемені тоқтату (есептен шығару);

3) банктің заемшыға және (немесе) заемшымен ортақ немесе қаражаттандыру жауапкершілігін атқаратын үшінші тұлғаға берешекті өндіріп алу бойынша мынадай шараларды қолдануы, егер кешірілетін үмітсіз берешек үмітсіз берешектің қамтамасыз ету немесе заемшының өзге мүлкінің сомасынан және (немесе) заемшымен ортақ немесе қаражаттандыру жауапкершілігін атқаратын үшінші тұлғаның мүлкінен асып кету мөлшерін құраса (заемды қайта құрылымдау және (немесе) заемшыға қатысты сауықтыру рәсімдерін жүргізу жағдайларын қоспағанда):

заемшыға қатысты шаралар қолдану туралы мәселені банктің уәкілетті органының қарауына енгізу. Шаралар қолдану туралы шешім қабылдау банктің Ішкі кредиттік саясат туралы ережесіне сәйкес жүзеге асырылады;

заемшы жәрдемақы және әлеуметтік төлемдер түрінде алатын, мемлекеттік бюджеттен және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін, заемшының талап етуі бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 2 маусымдағы № 266 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының банктерінде клиенттердің банктік есепшоттарын ашу, жүргізу және жабу ережесіне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1199 тіркелген) белгіленген тәртіппен ашылған банк шоттарындағы ақшаны қоспағанда, заемшының және (немесе) заемшымен ортақ немесе қаражаттандыру жауапкершілігін атқаратын үшінші тұлғаның кез келген банк шотындағы ақшаны даусыз (акцептсіз) тәртіппен өндіріп алу (егер осындай өндіріп алу банктік заем шартында келісілген жағдайда).

5. Ереженің осы тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген шаралар банктің мынадай іс-шараларды жүзеге асыруы алдында қолданылады:

1) заемшыға банктік заем шарты бойынша төлемдер енгізу қажеттілігі туралы және

заемшының өз міндеттемелерін орындамау салдарлары, банк хабарлама жіберген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде заемшыдан төлемдер енгізу бойынша бас тарту алу не заемшыдан жауаптың болмауы немесе почта байланысы қызметін көрсететін тұлғаның хабарламаны заемшы көрсеткен мекенжай бойынша жеткізу мүмкіндігінің болмауы туралы хабарлау;

2) заемшымен ортақ немесе қаражаттандыру жауапкершілігін атқаратын үшінші тұлғаға банктік заем шарты бойынша төлемдер енгізу қажеттілігі туралы және көрсетілген үшінші тұлғаның өз міндеттемелерін орындамау салдарлары, банк хабарлама жіберген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде көрсетілген үшінші тұлғадан төлемдер енгізу бойынша бас тарту алу не көрсетілген үшінші тұлғадан жауаптың болмауы немесе почта байланысы қызметін көрсететін тұлғаның хабарламаны көрсетілген үшінші тұлға көрсеткен мекенжай бойынша жеткізу мүмкіндігінің болмауы туралы хабарлау;

3) уәкілетті мемлекеттік органдарға заемшының және (немесе) заемшымен ортақ немесе қаражаттандыру жауапкершілігін атқаратын үшінші тұлғаның меншігінде Қазақстан Республикасының аумағында басқа кредиторлардың құқықтарымен ауыртпалығы жоқ жылжымайтын мүліктің немесе автокөлік құралдарының болуы туралы сұрату жіберу. Уәкілетті мемлекеттік органдар осындай мүліктің болуы немесе болмауы туралы жауап берген немесе осындай мүліктің болуы туралы мәліметтер беруден бас тартқан не жоғарыда көрсетілген жауаптарды банктің "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы және "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мерзімдерде алмаған кезде осы шара орындалған болып саналады;

4) почта байланысы қызметін көрсететін тұлғаның растауын алған, хабарламаны заемшының және (немесе) үшінші тұлға көрсеткен мекенжай бойынша жеткізу мүмкін болмаған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік органдарға заемшының және (немесе) заемшымен ортақ немесе қаражаттандыру жауапкершілігін атқаратын үшінші тұлғаның орналасқан (тұрғылықты) жерін анықтау туралы сұрату жіберу.

6. Үмітсіз берешекті кешіру мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) үмітсіз берешекті кешіру осы Ереженің 4-тармағында көрсетілген негіздер бойынша жүзеге асырылады;

2) банктің басқару органы бекіткен Ішкі кредиттік саясат туралы ережеде айқындалған банк органының әрбір кредит бойынша осы Ереженің 4-тармағында көрсетілген негіздер бойынша үмітсіз берешекті кешіру туралы шешімі қабылданады, онда сондай-ақ заемшы туралы мәліметтер, кешіру туралы шешім қабылданған өтелмеген үмітсіз берешектің жиынтық мөлшері, банктің үмітсіз берешекті өндіруге байланысты шығыстарының мөлшері көрсетіледі;

3) кешірілген үмітсіз берешектің сомалары банктің берілген кредиттер бойынша

талаптарын азайтады, олар осы кредиттер бойынша қалыптастырылған провизиялар (резервтер) есебінен банктің бухгалтерлік балансынан есептен шығарылады;

4) заемшы үмітсіз берешекті кешіру туралы хабардар етіледі. Заңды тұлғалар немесе дара кәсіпкерлер болып табылатын заемшылардың кредиттері бойынша үмітсіз берешек кешірілген жағдайда, банктер сондай-ақ Салық кодексінің 581-бабының 10) тармақшасында айқындалған тәртіппен заемшы – салық төлеушінің орналасқан (тұрғылықты) жері бойынша заемшының міндеттемелерін есептен шығару туралы салық органын хабардар етеді.